

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - С.154-155

ЖОҢЫШҚА ДАҚЫЛЫН ТҰҚЫМҒА ӨСІРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АСТЫҚ ӨНІМІ

Имашева А.Қ.

Жоңышқа – азықтық дақылдардың ішіндегі ең көп тараған дақыл. Оның қолайлы биологиялық ерекшеліктері, оның ішінде: көпжылдылық, көп сабақ-тылық, биологиялық азотты фиксациялау қабілеті, суға көп талап қоймай-тындығында, жоғары азықтық салмағының өнімділігі мен аминқышқылының үйлесімді ақуызды құрамымен, әлемнің көптеген елдерінде жоңышқаны азықтық дақылдардың «патшайымы» деп атауға рұқсат етілген. Ол 3,0 т\га дейін протеинді өндіруге қабілетті және келесідей ең жақсы әртүрлі азықтардың негізгі көзі болып табылады: көк балауса, құрғақ пішен, пішендеме, дәруменді - шөп ұны [1].

Агроқешеннің қиын жағдайында азықтық ақуыздың мәселесін шешу жолдары ауыл шаруашылық ғылым мен тәжірибесінің маңызды артықшылығы болып қалады. Мал шаруашылығында ақуыздың мәселесі шешімін таппайынша, әр жыл сайын азықтағы протеиннің жетіспеушілігінен өнімнің көп бөлігі жоғалады. Осы сұрақтың шешімінің бірі бұршақ дақылдарын өсіру. Соның бірі - жоңышқа.

Азықтық әсерімен қоса, жоңышқа экологиялық тұрғыдан қоршаған ортаны түзеуге, фитомелиоративті, фитосанитарлы және ауыл шаруашылығының қарқынды дамуына маңызды симбиозды әсерлерінің болуымен ерекшеленеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жолдауына байланысты барлық азық түрлерінің өндірісін ұлғайтып және олардың сапасын жоғарылата отырып, ет экспортын 60 мың тоннаға дейін жеткізу және мал шаруашылығын қарқын-датуға болады. Ең алдымен, егістік мал азығын өндіруді дамыту қажет [2].

2016 жылы жоңышқа дақылын зерттеу барысында ҚазЕжӨШҒЗИ-ның зерттеу егіс алабында тәжірибие жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде жоңышқа дақылын минимальды өсіру технологиясы қолданылды.

Жоңышқа қарқынды түрдегі дақыл, сондықтан оған қарқынды технологияның барлық элементтерін қолданған жөн.

1. Ылғалға қатаң талаптар қоятынын ескере отырып жақсы ылғалданған аудандарға, ағын сулары терең емес (2,0-2,5 м) ойпаңдау жерлерге, өзінен кейін мол пайдалы ылғал қорын қалдыратын алғы дақылдан кейін орналастыру қажет.

2. Жоңышқаның себілген жылы баяу өсетінін, арамшөппен ластануға бейімділігін ескеріп, алғы дақылдарды, топырақ өңдеу, гербицидтер қолдану, егістікті күтіп-баптау т.б. шараларды жүргізе отырып арамшөпке қарсы ерекше күреске назар аударған дұрыс.

3. Жоңышқа тұқымы саяз сіңірілетін дақыл екендігін еске алған жөн және тұқымның жоғары далалық өнгіштігін топырақтың беткі қабатында ылғал қоры мол болғанда ғана алуға болады [3].

Жоңышқаның өсуіне, дамуына және өніміне теріс әсерін мейлінше аз тигізетін дақылдар қатарына шөпке жиналатын тарылар (итқонақ, тары) жатады. Ерте егілетін тұқымды ауыр топырақты жерге 2-3 см, механикалық құрамы орташа топырақты 3-4 см, ал неғұрлым кешірек егілген және жері кебіңкіреп кеткен учаскелерде 3-4 см тереңдікте сепкен дұрыс. Жоңышқадан мол өнім алу үшін өсімдіктің көгі қалың болуы шарт, ал мұндай жағдай тұқымды 2-3 см тереңдікте сіңіргенде ғана іске асады және бұл оның егістік өнгіштігі 28-31% артты. Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында жоңышқаның жергілікті Шабыт 80 сортына жүргізілген тәжірибеде өсімдік 7 күннен кейін толық көктеп шықты, бірінші күрделі жапырақ 25 күннен кейін, екінші күрделі жапырақ 30 күннен кейін, бұтақтану 38 күннен кейін, толық шанақтану 78-87 күннен кейін, 87-97 күннен кейін гүлдей бастады. Толық гүлдеу кезеңі 98-100 күнге созылды. Көптеген ғылыми мекемелердің мәліметтеріне қарағанда қысқы суықтан бірінші жылы жоңышқаның 1,5-18,3 %, екінші жылы 22,4 %-ға дейінгі өсімдік үсіп, жойылады. Қазақстанның суармалы жерлерінде қысқы суықтан жоңышқаның 3-9 % ғана өліп жойылса, солтүстікте бұл көрсеткіш 50-60 % - ға жетеді.

1 кесте. Өнімділік құрылым элементтері және өнім

Танаптың № 1	Дақыл, сорт	Егін жинау қарсаңында сабақ жиілігі		1 өсімдік-тегі бұршақ-қаптар саны, дана	1000 дәннің массасы, г	Нақты өнімділік, ц/га	Биологиялық өнім, ц/га
		өсімдіктер саны, дана/м ²	Сабақтар саны, дана/м ²				
1	Шабыт 80 (бақылау)	137	9	10	2,2	2,2	2,7
2	Көкбалауса	134	11	11	2,1	2,7	3,4
3	Өсімтал	135	9	12	2,5	3,2	3,6
4	Көкорай	156	9	11	2,2	2,8	3,3

«Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-і жағдайында 2016 жылы өткен іс-сана нәтижесінде

жоңышқа дақылы сорттарының тұқымға өсіру ерекшеліктеріне экономикалық баға беру негізінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

- Алматы облысының тау бөктері аймағының топырақ-климат жағдайы жоңышқа дақылын өсіруге және одан жоғары өнімін алуға қолайлы;

- Жоңышқа дақылын минимальды технология бойынша өсіргенде жоғары өнімділік байқалды;

- Себу мөлшері 2,5 млн өнгіш тұқым/га болғанда жоғары өнімділік нәтижесі Өсімтал сортына тиесілі, бақылау нұсқасынан 0,5-1,0 ц/га артығырақ болды.

Әдебиеттер тізімі

1 Үмбетаев И., Биғараев О., Қостақов А., Гусейнов И., Тағаев/Оңтүстік Қазақстанның суармалы жағдайында көктемгі егіс іс-шараларын жүргізу бойынша ұсыныс. Астана-2012.- С. 67-69

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Халыққа жолдауынан», «Егемен Қазақстан» газеті, 03.02.2017.- С. 1-2.

3 Жаршы ғылыми-сараптамалық журнал, 9/2010, ISSN 0130-4100, ЭОЖ 633.31:631.527, «Жоңышқа селекциясы үшін бастапқы материалдар бөліп алу», Қ.Ж.Байтарақов, Ғ.Т. Мейрман, 2010.- С. 47.

Ғылыми жетекші а.и.ғ.к. Б.К.Әрінов